



БТА БАНКИ


 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
20 08 ж. « 24 » қаңтар ЖҮРГІЗІЛДІ
№ 3903-1900-А4
Бастапқы тіркелген күні
1997 ж. « 24 » қаңтар

 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
20 08 ж. « 24 » қаңтар ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 970140000241
Бастапқы тіркелген күні
1997 ж. « 24 » қаңтар

«БТА Банкі» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫ

 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
20 13 ж. « 14 » маусым
БҰРЫНҒЫ 2008 ж. « 24 » қаңтар ТІРКЕЛДІ
№ 3903-1900-А4

«БЕКІТІЛДІ»
«БТА Банкі» АҚ
Жылдық Акционерлердің
жалпы жиналысының
2013 ж. «14» ақпандағы №66
шешімімен

Қазақстан Республикасы
Алматы қ.

КЕЛЕСІ БЕТТІ
КАРАҢЫЗ
СІЛӨТРИ
НА ОБОРОТЕ

1-бап. Жалпы ережелер

1. «БТА Банкі» Акционерлік қоғамының (әрі қарай – Банк) осы Жарғысы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына (әрі қарай – «АҚ туралы заң»), Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызметтер туралы» заңына және Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

2-бап. Атқарушы органның атауы, орналасқан жері және Банк қызметінің мерзімі.

2. Банктің толық атауы:
 - мемлекеттік тілде: **«БТА Банкі» акционерлік қоғамы;**
 - орыс тілінде: **Акционерное общество «БТА Банк»;**
 - ағылшын тілінде: **Joint Stock Company «BTA Bank».**
3. Банктің қысқартылған атауы:
 - мемлекеттік тілде: **«БТА Банкі» АҚ;**
 - орыс тілде: **АО «БТА Банк»;**
 - ағылшын тілде: **«BTA Bank» JSC.**
4. Банктің атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050051, Алматы қаласы, Медеу ауданы, «Самал-2» ықшам ауданы, Жолдасбеков к-сі, 97.
5. Банктің филиалдар және өкілдіктер желісі бар.
6. Банктің қызметі шектеусіз.

3-бап. Банктің заңды мәртебесі

7. Банк заңды тұлға болып табылады және өзінің қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасы, осы Жарғы (әрі қарай – Жарғы) және Банктің ішкі құжаттары негізінде жүзеге асырады.
8. Банктің ұйымдастыру-құқықтық нысаны: акционерлік қоғам.
9. Банк мемлекеттің және Банк акционерлерінің міндеттемелеріне жауап бермейді. Мемлекет Банктің және оның акционерлерінің міндеттемелеріне жауапты емес. Банк өзінің міндеттемелері бойынша оған тиесілі мүлік шегінде жауапкершілік көтереді.
10. Банктің оқшауланған мүлігі, дербес балансы бар, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкте корреспонденттік шоты, мемлекеттік және орыс тілдерінде өзінің атауы көрсетілген мөрі, сонымен қатар тиісті заңды тәртіпте бекітілген өзінің тауарлық белгісі (қызмет көрсету белгісі) бар; өзінің атынан мүліктік және жеке мүліктік құқықтарды және міндеттерді сатып алады және жүзеге асырады; сот органдарында және аралық сотта талапкер және жауапкер ретінде әрекет етеді, сонымен қатар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да әрекеттерді жүзеге асырады.
11. Банктің қаржылық-шаруашылық қызметі мүліктік, экономикалық және қаржылық дербестілік негізде жүзеге асырылады.
12. Банктің өтініші бойынша уәкілетті орган, Банк Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген бұқаралық компаниялардың критерийлеріне сәйкес болған жағдайда, Банк бұқаралық компания деп танылуы мүмкін. Банк заңнама талаптарын бұзған және Банктің Қазақстан Республикасының бұқаралық компаниялар үшін бекітілген критерийлеріне сәйкес болмаған жағдайда, өзінің бұқаралық компания мәртебесін жоғалтады.

4-бап. Банк қызметінің мақсаттары және мәні

13. Банк қызметінің негізгі мақсаттары:

- Қазақстан Республикасында нарықтық экономиканы қалыптастыруға және одан әрі дамытуға ықпал ету;
 - Экономиканың әртүрлі салаларын және секторларын және әлеуметтік салаларды көтеруге және дамытуға ықпал ететін қаржы қызметін жүзеге асыру;
 - Кірістер алу және оларды акционерлердің мүдделері үшін пайдалану;
 - Қазақстан Республикасының халықаралық стандарттарына және заңнамасына сәйкес банктік қызмет спектрлерін жүзеге асыру және кеңейту.
14. Аталмыш мақсаттарға қол жеткізу үшін Банк Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау бойынша уәкілетті органның (әрі қарай - уәкілетті орган) лицензиясына сәйкес банктік және өзге де операцияларды жүзеге асырады.
15. Банк Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен бекітілген тәртіпте және шарттарда Қазақстан Республикасының заңнамасымен рұқсат етілген өзге қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

5-бап. Банктің Жарғылық капиталы және мүлігі

16. Банктің Жарғылық капиталы осы Жарғының 17-тармағында белгіленген жағдайлардан басқа, акцияларды сату есебінен Қазақстан Республикасының ұлттық теңгесінде қалыптасады.
17. Банк Акциялары орнықтыру кезінде ақшамен төленеді. Осы талап келесі жағдайларға таралмайды:
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда Банкпен қайта құрылымдауды жүргізу кезінде тиісті кредитор алдындағы Банктің ақшалай міндеттемесі бойынша кез келген құқықтарды (талаптарды) есепке алу арқылы Банк акцияларын Банктің кредиторлары арасында орнықтыру және оларды төлеу;
 - Банк акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздар шығарылымы проспектісінің шарттарына сәйкес бағалы қағаздарды Банктің акцияларына айырбастау;
 - АҚ туралы заңмен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылатын қайта құру кезінде Банк акцияларын төлеу.
18. Банк акцияларын орнықтыру кезінде Жарғының 17-тармағымен қарастырылған жағдайларда бағалауды жүргізу талап етілмейді.
19. Банктің жарғылық капиталының мөлшерін қалыптастыру және өзгерту Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған тәртіпте жүзеге асырылады.
20. Банк мүлігі, оның филиалдарымен және өкілдіктерімен құрылатын мүлікті қоса алғанда, меншік құқығы бойынша оған тиесілі болып табылады және келесілер есебінен құрылады:
- Жарғылық капиталын қалыптастыру кезінде Банкпен алынған ақша;
 - Банк қызметінен алынған кірістер;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздемелер бойынша сатып алынған өзге мүліктер және мүліктік құқықтар.

6-бап. Банктің кірістері. Банктің сақтық капиталы және өзге қорлары

21. Банкпен оның қызметі нәтижесінде алынған кірістер, салықтарды және бюджетке басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін, Банктің меншігінде қалады және сақтық капиталын, сондай-ақ, Банктің басқа қорларын қалыптастыру, акциялар бойынша дивидендтер төлеу үшін қолданылады, сонымен қатар Банкті дамытуға немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және Жарғыға сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен мақұлданған өзге мақсаттарға жұмсалады.
- Сақтық капитал жай акциялар бойынша дивидендтер төлегенге дейін Банктің таза кірісінен аудару арқылы уәкілетті органмен белгіленген ең төменгі мөлшерден аз емес шамада қалыптасады.
22. Сақтық капиталын қалыптастыру Банктің таза кірісі есебінен жай акциялар бойынша дивидендтер төлегенге дейін жүзеге асырылады.

23. Сақтық капиталының және сақтық капиталын қалыптастыру бойынша жыл сайынғы аударымдардың мөлшері Банктің Акционерлердің жылдық жалпы жиналысымен анықталады.
24. Сақтық капитал банктік қызметті жүзеге асыруға байланысты шығындарды өтеу мақсатында қолданылады. Сақтық капиталын пайдалану туралы шешім Банктің Директорлар кеңесімен қабылданады.
25. Жүргізілетін операциялардың сипатына және ауқымына сәйкес өзінің қызметін бақылаудың тиісті деңгейін және сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге провизияларды (резервтерді) құрады.

7-бап. Банктің акциялары және басқа да бағалы қағаздары

26. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте жай акциялар немесе жай және артықшылықты акциялар шығаруға құқылы.
27. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.
28. Акция бөлінбейді. Егер акция ортақ меншік құқығымен бірнеше тұлғаға тиесілі болса, олардың бәрі бір акционер деп танылады және өзінің жалпы өкілі арқылы акциямен куәландырылған құқықтарды пайдаланады.
29. Қоғамның жай акциясы акционерге дауыс беруге шығарылатын барлық мәселелерді шешуде дауыс беру құқығын, Қоғамда таза табыс болған жағдайда дивидендтер алу құқығын, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Қоғамды таратқан жағдайда оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.
30. Артықшылықты акция акционерге Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайлардан басқа, Банкті басқаруға қатысу құқығын бермейді:
31. Банк акциялары бойынша дивидендтер, артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтерден басқа, дивидендтерді төлеу туралы шешім Акционерлердің жалпы жиналысында осы Жарғының 69-тармағына сәйкес Банктің дауыс беретін акцияларының білікті көпшілігімен қабылданған жағдайда, ақшалай немесе Банктің бағалы қағаздарымен төленеді.
32. Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу Банк органының шешімін талап етпейді.
33. Банк акциялары бойынша дивидендтерді оның бағалы қағаздарымен төлеу мұндай төлем Банктің жарияланған акциялармен және акционердің келісімі берілгенде олармен шығарылған облигациялармен жүзеге асырылған жағдайда ғана жол беріледі.
34. Дивидендтер алуға құқылы акционерлердің тізімі дивидендтерді төлеу күнінен бұрын құрастырылуы қажет.
35. Артықшылық акциялардың меншік иелері-акционерлер жай акциялардың меншік иелері-акционерлеріне қарағанда осы Жарғыда белгіленіп, алдын ала айқындалып кепілдік берілген мөлшерде дивидендтер алуға және Банк таратылған кезде АҚ туралы заңда белгіленген тәртіппен мүліктік бір бөлігіне басым құқығы бар.
36. Тоқсан немесе жарты жылдық қорытынды бойынша Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша жүзеге асырылады. Акционерлердің Жалпы жиналысының тоқсан немесе жарты жылдық қорытынды бойынша Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімінде бір жай акцияға есептелген дивиденд мөлшері көрсетіледі.
37. Жылдық қорытынды бойынша Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім Акционерлердің жылдық жалпы жиналысымен қабылданады.
38. Акционерлердің жалпы жиналысы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күннің ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы.
39. Жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді толық төлегенге дейін жүзеге асырылмайды.
40. Банктің бір артықшылықты акцияға есептелген дивидендтің кепілді мөлшері – акциялардың орнықтыру құнының жылдық 11% мөлшерінде белгіленеді.

41. Банк акционерге Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте және мерзімде дивидендтер төлеу туралы хабарлайды.
42. Банк акциялары бойынша дивидендтер төлеу төлем агенті арқылы жүргізіледі. Төлем агентінің қызметтерін төлеу Банк есебінен жүзеге асырылады.
43. Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу кезектілігі шығарылым проспектісімен және/немесе осы Жарғымен анықталады.
44. Артықшылық акциялар бойынша дивидендтер төлеу кезектілігі - тоқсан сайын.
45. Банктің жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімі Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған мәліметтерді қамтуы тиіс. Осыған байланысты Банк бұқаралық компания ретінде танылған жағдайда, осы шешім корпоративтік веб-сайтта жариялануы тиіс.
46. Дивидендтер Банктің өзімен орнықтырылмаса немесе сатып алынбаса, сонымен қатар сотпен немесе Акционерлердің жалпы жиналысымен тарату туралы шешім қабылданса, акциялар бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді.
47. Банктің жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу келесі жағдайларда рұқсат етілмейді:
 - меншікті капитал теріс болған жағдайда немесе Қоғамның меншікті капиталы оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде теріс болса;
 - егер Банк Қазақстан Республикасының банкрот туралы заңына сәйкес төлеуге қабілетсіздік немесе дәрменсіздік сипаттарына жауап берсе не болмаса аталмыш белгілер Банкте оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу салдарынан туындаса.
48. Акцияларды орнықтыру Банктің акцияларын және жай акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздарды артықшылықпен сатып алу құқықтарын акционерлермен іске асыру, бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында жүргізілетін жазылу немесе аукцион немесе бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында жүргізілетін жазылу немесе аукцион арқылы, сонымен қатар АҚ туралы заңда және Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларда Банктің бағалы қағаздарын және (немесе) ақшалай міндеттерін Банк акцияларына айырбастау арқылы жүзеге асырылады.
49. Банктің жай акцияларына айырбасталатын акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды акционермен шеттеткен кезде, акцияларды немесе Банктің жай акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздарды сатып алуға өтінім беру үшін оған ұсынылған артықшылықты сатып алу құқығына сәйкес отыз күннің ішінде осы құқық, бұрынғы меншік иесі осындай өтінімді бермеген жағдайда, акциялардың немесе Банктің жай акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздардың жаңа меншік иесіне өтеді.
50. Қоғам акциялары осы орнықтыру шегінде жазылу арқылы акцияларды сатып алатын барлық тұлғалар үшін бірыңғай бағамен сатылады.
51. Акционерлер орнықтыру туралы шешім қабылдаған Банк органымен бекітілген бірыңғай орнықтыру бағасы бойынша артықшылықты сатып алу құқығына сәйкес акцияларды сатып алады.
52. Акцияларды орнықтыру туралы шешім қабылдаған Банк органымен осы орнықтыру үшін белгіленген акцияларды орнықтыру бағасы осы акциялар сатылатын ең төменгі баға болып табылады.
53. Акционерлер Қазақстан Республикасы Үкіметінің Банктің жарияланған акцияларын сатып алу туралы уәкілетті органның немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда ұлттық басқарушы холдингтің келісімі бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде орнықтырылатын (іске асырылатын) банктің жарияланған акциялары бойынша артықшылықпен сатып алу құқығына ие болмайды.
54. Акцияларды немесе артықшылықпен сатып алу құқығы бойынша Банктің жай акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздарды төлеу оларды сатып алуға өтінім берген күннен бастап отыз күнтізбелік күннің ішінде акционермен жүзеге асырылады.
55. Банкті қайта құрылымдау процедурасы шегінде Бағалы қағаздарды Банк акцияларына айырбастаған жағдайда, артықшылықты сатып алу құқығы бағалы қағаздарды

және/немесе Банктің ақшалай міндеттемелерін оның акцияларына айырбастау арқылы оның акцияларын орнықтыру барысында Банк акционерлеріне ұсынылмайды.

56. Бағалы қағаздардың екіншілік нарығында дербес немесе өзінің аффилиирленген тұлғаларымен бірігіп Банк акцияларының отыз және одан артық пайызын немесе сатып алу нәтижесінде осы тұлғаға дербес немесе өзінің аффилиирленген тұлғаларымен бірігіп Банктің отыз немесе одан артық дауыс беретін акция мөлшері тиесілі болатын дауыс беруші акциялардың өзге көлемін сатып алатын тұлға, тиісті тәртіппен осы туралы Банкке және уәкілетті органға хабарлауға міндетті. Хабарлама сатып алынатын акция саны, болжамды сатып алу бағасы туралы мәліметтерді және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен анықталған өзге мәліметтерді қамтуы тиіс.

Бағалы қағаздардың екіншілік нарығында дербес немесе өзінің аффилиирленген тұлғаларымен бірігіп Банк акцияларының отыз және одан артық пайызын немесе сатып алу нәтижесінде осы тұлғаға дербес немесе өзінің аффилиирленген тұлғаларымен бірігіп Банктің отыз немесе одан артық дауыс беретін акция мөлшері тиесілі болатын дауыс беруші акциялардың өзге көлемін сатып алатын тұлға сатып алған күннен бастап отыз күннің ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында Банктің қалған акционерлеріне оған тиесілі Банк акцияларын сату туралы ұсынысын жариялауға міндетті. Акционер акцияларды сату туралы ұсынысты жариялаған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей оған тиесілі акцияларды сату туралы ұсынысты қабылдауға немесе акцияларды сату туралы ұсыныстан бас тартуға құқылы.

8-бап. Банк акционерлерінің құқықтары және міндеттері

57. Жай акцияларды иемденетін Банк акционерлері:

- АҚ туралы заңда және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Банкті басқаруға қатысуға;
- дивидендтер алуға;
- Банктің қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Акционерлердің Жалпы жиналысында немесе осы Жарғыда айқындалған тәртіппен Банктің қаржылық есептілігімен танысуға;
- Банк тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын расатайтын үзінді көшірмелер алуға;
- Акционерлердің Жалпы жиналысына Директорлар Кеңесін сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;
- Банк органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дау айтуға;
- Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жинақтап алғанда иеленген кезде, өз атынан сот органдарына Банктің лауазымды тұлғаларының Банкке келтірілген залалдарды Банкке өтеуі және Банктің лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) Банкке қайтаруы туралы талаппен жүгінуге;
- Банкке оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және Банкке сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
- АҚ туралы заңда белгіленген тәртіпте Банк таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;
- АҚ туралы заңмен белгіленген тәртіпте жай акцияларға айырбасталатын Банктің жай акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға құқылы.

58. Артықшылық акцияларға ие акционерлердің:

- жай акция иелерінің алдында осы Жарғыға сәйкес алдын ала айқындалып кепілдік берілген мөлшерде дивидендтерді артықшылықпен алу құқығына;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен анықталған жағдайларда Банкті басқаруға қатысуға;
- Банк қызметі жайлы ақпараттарды алуға, Акционерлердің жалпы жиналысымен немесе осы Жарғымен анықталған тәртіпте Банктің қаржылық есептілігімен танысуға;

68. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мына мәселелер жатқызылады:

- 1) Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;
- 2) Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Банкті еркіті түрде қайта ұйымдастыру (бірігу, қосылу, бөліну, бөлініп шығу, түрлену арқылы) немесе тарату;
- 4) Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Банктің орнықтырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Банктің бағалы қағаздарын айырбастау, сонымен қатар оларды өзгерту шарттарын және тәртібін анықтау;
- 6) Директорлар кеңесінің сан құрамын анықтау;
- 7) Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін белгілеу және оның мүшелерін сайлау;
- 8) Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату; сонымен қатар Директорлар кеңесі мүшелеріне олармен өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы мөлшері және шығындарын өтеу және төлеу шарттарын айқындау;
- 9) Банк аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау;
- 10) санақ комиссияның сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін тағайындау және мерзімнен бұрын өкілеттіктерін тоқтату;
- 11) жылдық қаржы есептілігін бекіту;
- 12) есепті қаржы жылындағы Банктің таза табысын бөлу тәртібін бекіту, сақтық капиталының мөлшерін және сақтық капиталын толтыру бойынша жыл сайынғы аударымдардың мөлшерін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорытындысы бойынша Банктің бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
- 13) Банктің жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
- 14) Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Банктің акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу әдістемесіне және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында беру туралы шешім қабылдау;
- 15) Банк акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту;
- 16) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 17) Банкке тиесілі барлық активтердің бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Банктің өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы немесе қатысушылары (акционерлер) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
- 18) Банктің жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 19) Бір түрдегі орналастырылған акцияларды басқа акция түріне ауыстыру туралы шешім қабылдау, осындай ауыстыру шарттарын және тәртібін анықтау;
- 20) Шешім қабылдауы АҚ туралы заңмен және осы Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған өзге мәселелер.

69. Осы Жарғының 68-бабының 1)-4), 15) тармақтарында аталған мәселелер бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады. Айқын басым көпшілігі Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының төрттен үш мөлшерін құрайды.

Егер АҚ туралы заңмен және Банк Жарғысымен өзгеше белгіленбесе, Акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері Банктің дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.

70. Шешім қабылдау Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, лауазымды тұлғалардың және Банк қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.
71. Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Банктің өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.
72. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі:
 - Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады.
 - Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің немесе ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады.

Егер Банк органдары Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы Банктің ірі акционерінің талабын орындамаса, Банк Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы оның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.
73. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар Акционерлердің тізімін Банк акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі деректер негізінде Банктің тіркеушісі жасайды. Аталған тізімді жасау күні Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбеуі керек.
74. Егер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімді жасалғаннан кейін, осы тізімге енгізілген тұлға Банктің оған тиесілі дауыс беретін акцияларын иеліктен айырса, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге ауысады. Бұл орайда акцияға меншік құқығын растайтын құжаттар табыс етілуге тиіс.
75. Акционерлерге отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру кезінде – жиналысты өткізу мерзіміне дейін қырық бес күнтізбелік күннен кешіктірмей Акционерлердің жалпы жиналысын болжамды өткізу туралы хабарлануы тиіс.
76. Пруденциалдық және заңмен белгіленген өзге нормалар мен лимиттерді орындау мақсатында Банктің жарияланған акция мөлшерін ұлғайту туралы мәселені Банк Акционерлерінің Жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізген жағдайда, уәкілетті органның талабы бойынша акционерлер он жұмыс күн бұрын, ал сырттай немесе аралас дауыс берген жағдайда – жиналысты өткізуге дейін он бес жұмыс күн бұрын Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлануы тиіс.
77. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға не оларға жіберілуге тиіс. Егер Банк акционерлерінің саны елу акционерден аспаса, хабарлама акционерге оған жазбаша хабарлама жолдау арқылы жіберілуге тиіс.
78. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік және басқа тілдерде жарияланған жағдайда, осы Жарғының 75 және 76-тармақтарында белгіленген мерзім олардың жарияланған соңғы күнінен бастап есептеледі.
79. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама тізімі АҚ туралы заңмен анықталатын мәліметтерді қамтуы тиіс.
80. Миноритарлық акционер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде басқа акционерлермен бірігу мақсатында Банктің тіркеушісіне өтініш жасауға құқылы.
81. Миноритарлық акционердің өтініш беру және Банк тіркеушісінің басқа акционерлерге ақпарат тарату тәртібі бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімдер жүйесін жүргізу жөніндегі шартта белгіленеді.
82. Акционерлердің жалпы жиналысын қайталап өткізуді Акционерлердің бастапқы (болмай қалған) жалпы жиналысы белгіленген күннен кейінгі келесі күннен ерте тағайындауға болмайды.
83. Акционерлердің қайталап өткізілетін жалпы жиналысы Акционерлердің болмай қалған жалпы жиналысы белгіленген жерде өткізілуге тиіс. Акционерлердің қайталап өткізілетін жалпы жиналысы күн тәртібінің Акционерлердің болмай қалған жалпы жиналысының күн тәртібінен айырмашылығы болмауға тиіс.

95. Есеп комиссиясы Банк акционерлерінің саны жүз және одан да көп Банк Акционерлерінің жалпы жиналысында сайланады. Егер Банк акционерлерінің саны жүзден аз процентті құраса, есеп комиссиясының функциясын Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы жүзеге асырады.
96. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша есеп комиссиясының функциясы Банк тіркеушісіне жүктелуі мүмкін.
97. Есеп комиссиясы үш адамнан кем болмауға тиіс. Есеп комиссиясына Банктің алқалы органдары мүшелерінің кіруіне болмайды.
98. Есеп комиссиясының өкілеттіктері Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталады.
99. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға және Банктің ішкі қызметін реттейтін Банктің өзге құжаттарына сәйкес белгіленеді.
100. Акционерлердің жалпы жиналысына Банк акционерлері, сонымен қатар Директорлар кеңесімен, Басқармамен немесе ірі акционермен шақырылған тұлғалар қатыса алады және әрекет етеді.
101. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен (аралас дауыс берумен) бірге не Акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілмей қолданылуы мүмкін.
102. Сырттай дауыс беруді өткізген кезде дауыс беру үшін бірыңғай нысандағы бюллетеньдер акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберіледі (таратылады).
103. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге жеке тұлға- акционер осы тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып қол қоюға тиіс.
104. Заңды тұлға – акционердің сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніне оның басшысы қол қойып, заңды тұлғаның мөрімен куәландырылуға тиіс.
105. Жеке тұлға-акционердің не заңды тұлға-акционер басшының қолы қойылмаған, сондай-ақ, заңды тұлғаның мөрі жоқ бюллетень жарамсыз деп саналады.
106. Дауыстарды есептеу кезінде акционер бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасы қойылған мәселелер бойынша дауыстар есептеледі.
107. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру:
- Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең көп санын шектеуді;
 - Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беруді;
 - Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір тұлғаға Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыстан беруді қоспағанда, «бір акция – бір дауыс» принципі бойынша жүзеге асырылады.
108. Акциялар бойынша берілетін кумулятивтік дауыс беру кезінде дауыстарды акционер Директорлар кеңесінің мүшегіне бір кандидат үшін толық беруі немесе ол директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидат арасында бөліп беруі мүмкін. Дауыстар саны ең көп берілген кандидат Директорлар кеңесіне сайланған болып танылады.
109. Дауыс беру қорытындылары бойынша есеп комиссиясы дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасап, оған қол қояды. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қоса тіркелуге тиіс.
110. Дауыс беру қорытындылары Акционерлердің дауыс беру өткізілген жалпы жиналысының барысында жария етіледі. Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлерге Акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін он күн ішінде оларды Жарғымен анықталған бұқаралық ақпарат құралдарында оларды жариялау немесе әрбір акционерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабарланады.
111. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуға тиіс.

112. Хаттамада көрсетілетін міндетті мөлiмeттер тiзiмi және оған қол қою тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен және Банктің iшкі құжаттарымен анықталады.
113. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру құқығына берілген сенімхаттармен және хаттамаға қол қоюмен және қол қоюдан бас тарту себептерінің жазбаша түсініктемелерімен бірге тiгіледі. Аталған құжаттар Басқармада сақталуға және танысу үшін акционерлер кез келген уақытта берілуге тиіс. Акционердің талап етуі бойынша оған Акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

11-бап. Банктің Директорлар кеңесі

114. АҚ туралы заңмен және осы Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Директорлар кеңесі – Банктің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.
115. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банк Жарғысында өзгеше белгіленбесе, мынадай мәселелер Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады:
- 1) Банк қызметін және Банкті дамыту стратегиясын анықтау және басым бағыттарын белгілеу немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларда Банкті дамыту жоспарын бекіту;
 - 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
 - 3) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
 - 4) Банктің жай немесе артықшылықты акциялар эмиссиясының проспектісін, сонымен қатар оның өзгерістері мен толықтыруларын мақұлдау;
 - 5) Банктің жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
 - 6) Банктің облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау;
 - 7) Басқарманың сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, Басқарма Төрағасын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 8) Басқарма Төрағасының және мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы төлеу талаптарын айқындау, сондай-ақ аталмыш тұлғалармен еңбек шарттарын жасау және бұзу және олармен жасалған еңбек шарттарына өзгерістер енгізу туралы шешім қабылдау;
 - 9) ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау, сондай-ақ ішкі аудит қызметі туралы ережені бекіту;
 - 10) Корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;
 - 11) Аудиторлық ұйымның, сондай-ақ ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүлктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
 - 12) Банктің ішкі қызметін реттейтін (бұған Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде оның ішінде аукциондар өткізу және Банктің бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
 - 13) Банктің филиалдарын және өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау, сондай-ақ олар туралы ережені бекіту;
 - 14) Банктің міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту;

- 15) аяқталған қаржы жылындағы Банктің таза табысын бөлу тәртібі, сақтық капиталының мөлшері және сақтық капиталына жыл сайын аударылатын аударым мөлшері туралы, сондай-ақ Банктің бір жай акциясына есептелген бір жылдағы дивиденд мөлшері туралы ұсынысты Акционерлердің жалпы жиналысымен қалыптастыру;
 - 16) Банк немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;
 - 17) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен ірі мәмілелер және жасалуына Банк мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;
 - 18) кредиттік саясатты және олардың өзгерістерін айқындау және бекіту;
 - 19) Банктегі мүдде дауларын реттеу бойынша саясатты, Банкпен ерекше қарым-қатынастағы және инвестициялық саясаты бар тұлғалармен Банк операцияларының мониторингі бойынша саясатты бекіту;
 - 20) Банкпен ерекше қарым-қатынастағы тұлғалардың тізілімін бекіту;
 - 21) Директорлар кеңесіне Басқармамен Банктің қаржылық көрсеткіштерін бағалау мүмкіндігін қамтамасыз ететін қаржы есептілігін ұсыну нысанын және мерзімін анықтау;
 - 22) Тәуекелдерді басқару саясаттарын бекіту;
 - 23) Жаңа бизнес жоспарды немесе бюджетті қабылдау немесе бизнес жоспарға немесе Банк бюджетіне маңызды өзгерістер енгізу;
 - 24) Банкті қайта құрылымдау туралы шешім қабылдау;
 - 25) Банкке тиесілі он және одан артық акция мөлшеріне (жарғылық капиталдағы қатысу үлесіне) ие еншілес ұйымдардың және өзге заңды тұлғалардың Акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне қатысты қызметтер бойынша шешім қабылдау;
 - 26) Банктің Комплаенс-бақылауын тағайындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын, сондай-ақ Банктің Комплаенс-бақылауының еңбекақы мөлшерін және сыйақы талаптарын айқындау;
 - 27) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
 - 28) Банкпен орналастырылған акцияларды және өзге бағалы қағаздарды Банктің бастамасы бойынша сатып алу туралы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
 - 29) Банктің проблемалық активтерімен жұмыс тәртібін айқындау;
 - 30) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғыда көзделген Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.
116. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Басқарманың шешуіне беруге болмайды.
 117. Банк активтерінің он және одан артық процентін құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен айыратын мәмілені жасасу туралы шешім Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамалық актіге сәйкес бағалаушымен анықталатын осы мүліктің нарықтық құнын ескерумен қабылдануы тиіс.
 118. Егер осындай мәміле мәні ақша және (немесе) біріншілік нарығында шығарылатын (орналастырылатын) бағалау қағаздары болса, бағалау жүргізілмейді.
 119. Директорлар кеңесінің неғұрлым маңызды мәселелерін қарау және ұсынымдарын дайындау үшін Банкте:
 - стратегиялық жоспарлау;
 - кадрлар және сыйақылар;
 - ішкі аудит;
 - елеуметтік мәселелер Банктің ішкі құжатында көзделген өзге мәселелер бойынша директорлар кеңесінің комитеттері құрылады.
 120. Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Банктің ішкі құжаттарымен өзге мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің комитеттерін құру қарастырылуы мүмкін.
 121. Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады.

122. Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Жарғының 119-тармағында көрсетілген Директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) тәуелсіз директорлар болып табылады.
123. Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.
124. Директорлар кеңесінің комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Банктің ішкі құжатымен белгіленеді.
125. Директорлар кеңесі:
- лауазымды тұлғалар мен акционерлер деңгейінде әлеуетті мүдде дауларын, соның ішінде Банк меншігін заңсыз пайдалануды және мүддесі бар мәмілені жасасу кезінде теріс пайдалануды қадағалауы немесе мүмкіндігінше жоюы;
 - Банктегі корпоративтік басқарудың тәжірибелік тиімділігін бақылауды жүзеге асыруы тиіс.
126. Директорлар кеңесі Жарғыға сәйкес Басқарма құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сонымен қатар Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қарама-қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқықсыз.
127. Жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады. Директорлар кеңесінің мүшесі оған жүктелген функциялардың орындалуын өзге тұлғаларға беруге құқықсыз.
128. Директорлар кеңесінің мүшелеріне:
- акционер – жеке адамдар;
 - Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған адамдар;
 - Банк акционерлері болып табылмайтын және акционерлердің мүдделерін ұсынатын өкіл ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмайтын жеке адамдар сайлана алады.
129. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау Директорлар кеңесіндегі бір орынға бір кандидат ұсынылатын жағдайдан басқа, дауыс беру үшін бюллетеньдерді қолданумен кумулятивті дауыс беру арқылы сайланады. Бюллетень мына тарауларды қамтуы тиіс:
- Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттар тізімі;
 - акционерге тиесілі дауыс саны;
 - Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттар үшін акционермен берілген дауыс саны.
130. Кумулятивті дауыс беру үшін бюллетеньге «қарсы дауыс беру» және «қалыс қалу» дауыс беру нұсқаларын көрсетуге тыйым салынады.
131. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша бір кандидатты жақтап толық дауыс беруге немесе оларды Директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидат арасында бөліп беруге құқылы. Ең көп дауыс санын алған кандидаттар директорлар кеңесіне сайланған болып есептеледі. Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылған екі және одан да көп кандидат тең дауыс санын алса, бұл кандидаттарға қатысты тең дауыстарды алған кандидаттарды көрсетумен кумулятивті дауыс беру бюллетеньдерін акционерлерге ұсыну арқылы қосымша кумулятивті дауыс беру өткізіледі.
132. Төрағадан басқа, Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.
133. Акционерлердің жалпы жиналысында Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе қарастырылған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында Директорлар кеңесінің сайланған мүшесі қай акционердің өкілі және/немесе Директорлар кеңесіне сайланған мүшелердің қайсысы тәуелсіз директор екендігі көрсетіледі.
134. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуға тиіс. Банктің Директорлар кеңесі мүшелері санының отыз проценті тәуелсіз директорлар болуға тиіс.
135. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын адамдардың, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, қайта сайлануына шек қойылмауы мүмкін.

136. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін Акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді.
137. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.
138. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады.
139. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы оның мүшелері арасынан сайланады.
